

47045VD-MN

KK ПЕШ

ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ
НҰСҚАУЛАРЫ
ИНСТРУКЦИЯ ПО
ЭКСПЛУАТАЦИИ

2

RU КУХОННАЯ ПЛИТА

34

ТАМАША НӘТИЖЕЛЕРГЕ ЖЕТУ

АЕГ бұйымын таңдағаныңызға рахмет. Біз көптеген жылдар бойы, өмір сүруді барынша жеңілдетуді алға мақсат етіп қоя отырып, үздік технологияға негізделген, әдеттегі тұрмыстық техникада кездесе бермейтін функциялармен жабдықталған, мінсіз жұмыс жасайтын құрылғыларды өндіріп келеміз. Бірнеше минут уақытыңызды бөліп, құрылғының мүмкіндігін толық пайдалану үшін нұсқаулықпен танысып шығыңыз.

КЕРЕК-ЖАРАҚТАР МЕН ШЫҒЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

АЕГ онлайн дүкенінен АЕГ құрылғыларыңыздың барлығының мінсіз, тамаша жұмыс істеуін қамтамасыз етуге қажетті заттың барлығын табасыз. Жоғары стандартқа сай жасалған керек-жарақтардың ішінен арнайы ыдыс-аяқтардан бастап, ас үй құралдары салынатын себеттерді, бөтелке қойғыштан бастап, кір жуғыш машинаға арналған нәзік тор тәрізді заттардың барлығын таба аласыз...



интернеттегі мына дүкенге барыңыз:
www.aeg.com/shop

МАЗМҰНЫ

- 4 Қауіпсіздік туралы мағлұматтар
- 8 Бұйым сипаттамасы
- 9 Бірінші қолданғанға дейін
- 10 Пештің үсті - Күнделікті пайдалану
- 11 Пештің үсті - Пайдалы ақыл-кеңес
- 12 Пештің үсті - Күтіп ұстау және тазалау
- 13 Тұмшапеш- Күнделікті пайдалану
- 14 Тұмшапеш - Сағат функциялары
- 15 Керек-жарақтарды қолдану
- 16 Тұмшапеш - Пайдалы ақыл-кеңес
- 26 Тұмшапеш - Күтіп ұстау және тазалау
- 30 Не істерсіңіз, егер...
- 31 Орнату
- 33 Қоршаған ортаға зиян келдірмеу туралы мағлұматтар

Осы қолдану туралы нұсқауларда астыда көрсетілген белгілер қолданылады:



Өзіңіздің жеке бас қауіпсіздігіңіз менен бұйымды бұзылдырмай қолдану туралы мағлұматтар.



Жалпы мағлұматтар менен кеңестер



Қорғаған ортаға зиян келдірмей пайдалану туралы нұсқаулар

Өндіруші ескертусіз өзгеріс енгізу құқығына ие.



ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТТАР

Құрылғыны орнатып, пайдаланудан бұрын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз:

- Өз қауіпсіздігіңіз бен мүлкіңіздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін
- Қоршаған ортаға зиян келтірмеу үшін
- Құрылғының дұрыс жұмыс істеуі үшін.

Осы нұсқаулықты әрқашан, тіпті құрылғыны сатсаңыз да, көшірсеңіз де, онымен бірге қалдырыңыз.

Құрылғыны дұрыс орнатпау мен дұрыс пайдаланбау нәтижесінде орын алған ақаулықтар үшін өндіруші жауапты емес.

Балалар мен дәрменсіз адамдардың қауіпсіздігі

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балалар мен денесіне, сезім жүйесіне не ақыл-есіне зақым келген адамдар не тәжірибесі аз адамдар өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның қадағалауы бойынша немесе құрылғыны қауіпсіз қолдану бойынша берген нұсқауына сүйеніп, дұрыс қолданбау салдарын түсінген жағдайда қолдануына болады. Балалар құрылғымен ойнамауға тиіс.
- Орам материалдарының барлығын балалардан алыс ұстаңыз. Тұншығып қалу немесе жарақат алу қаупі бар.
- Балалар мен үй жануарларын есігі ашық тұрған немесе жұмыс істеп тұрған құрылғыға жақындатпаңыз. Жарақат алу немесе кемтар болып қалу қаупі бар.
- Құрылғының бала қауіпсіздігі құралы не түймешікті құрсаулау тетігі болса, соны қолданыңыз. Бұл құрал балалар мен үй жануарларының құрылғыны байқаусызда іске қосуына жол бермейді.

Қауіпсіздік туралы жалпы ақпарат

- Бұл құрылғының техникалық сипаттамаларын өзгертпеңіз. Жарақат алу немесе құрылғыны бүлдіріп алу қаупі бар.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғыны назардан тыс қалдырмаңыз.
- Пайдаланып болғаннан кейін әрдайым құрылғыны өшіріңіз.

Орнату

- Осы құрылғыны лайықтау жағдайлары затбелгіде (немесе деректер тақташасында) жазылған.
- Құрылғыны тек білікті техник орнатып, электр желісіне қосуға тиіс. Уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Бұл құрылғының бөлшектерінің бүлінуіне немесе адамның жарақаттануына жол бермейді.
- Құрылғының тасымалдау кезінде бүлінбегеніне көз жеткізіңіз. Бүлінген құрылғыны іске қоспаңыз. Қажет болса, сатушыға хабарласыңыз.
- Құрылғыны бірінші рет пайдаланардан бұрын барлық орамдарын, жапсырмалары мен төсемдерін алыңыз. Техникалық ақпарат тақтайшасын алмаңыз. Бұл кепілдікті заңды күшінен айырады.

- Құрылғы қолданылатын елдегі заңдарды, жарлықтарды, нұсқаулар мен талаптарды (қауіпсіздік ережелері, қайта пайдалану ережелері, электр немесе газ қауіпсіздігі ережелері т.с.с.) толық орындаңыз.
- Құрылғыны жылжытқан кезде абай болыңыз. Бұл құрылғының салмағы ауыр. Өрқашан қорғаныс қолғабын киіңіз. Құрылғыны тұтқасынан тартпаңыз.
- Құрылғыны орнату барысында оның қуат көзінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз (егер қажет болса).
- Осы құрылғы мен басқа құрылғылардың, заттардың арасындағы минимум арақашықтықты сақтаңыз.
- Құрылғыны тағанға қоймаңыз.

Электртоғына қосу

- Құрылғыны тек білікті электрші орнатып, электр желісіне қосуға тиіс. Уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Бұл құрылғының бөлшектерінің бүлінуіне немесе адамның жарақаттануына жол бермейді.
- Құрылғыны міндетті түрде жерге қосу қажет.
- Техникалық ақпарат тақтайшасындағы электр параметрлерінің электр желісіндегі параметрлерге сай келетініне көз жеткізіңіз.
- Кернеу туралы ақпарат техникалық ақпарат тақтайшасында көрсетілген.
- Сізде дұрыс оқшаулағыш құралдар болуға тиіс: желіні қорғайтын ажыратқыштар, сақтандырғыштар (ұстатқыштан алынған бұрандалы сақтандырғыштар), жерге тұйықталудан қорғау тетіктері мен тұйықтағыштар.
- Электрлік қондырғыда оқшаулағыш құрылғы болуға тиіс, ол құрылғыны барлық магниттік полюстерде желіден ажыратуға мүмкіндік береді. Оқшаулағыш құрылғының ені кем дегенде 3 мм түйіспе саңылауы болуға тиіс.
- Тоқ соғуынан қорғайтын бөліктер құралсыз ажыратуға болмайтында етіп орнатылуға тиіс.
- Өрқашан дұрыс орнатылған, электр қатерінен сақтандырылған розетканы қолданыңыз.
- Электр құрылғыларын розеткаларға қосқан кезде, қорек сымдарын құрылғының ыстық есігіне тигізбеңіз немесе жақындатпаңыз.
- Көп істікшелі ашаларды, жалғастырғыштар мен ұзартқыш сымдарды қолданбаңыз. Өрт шығу қаупі бар.
- Құрылғының арт жағындағы электр ашасы (егер қолданылса) мен қорек сымының жаншылып немесе бүлініп қалмағанына көз жеткізіңіз.
- Орнатып болғаннан кейін электр розеткасының қол жететін жерде тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны ажырату үшін қуат сымынан тартпаңыз. Өрқашан ашасынан (егер болса) тартып ажыратыңыз.
- Қорек сымын ауыстырмаңыз немесе өзгертпеңіз. Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Пайдалану

- Құрылғыны тек үйде тамақ пісіру үшін ғана пайдаланыңыз. Құрылғыны коммерциялық немесе өндірістік мақсатта қолданбаңыз. Бұл адам жарақаттанып немесе мүлікке зиян келмес үшін қажет.
- Жұмыс барысында құрылғыны үнемі қадағалап отырыңыз.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғының есігін, әрқашан құрылғыдан алыс тұрып ашыңыз. Ыстық бу шығуы мүмкін. Күйіп қалу қаупі бар.
- Бұл құрылғыны суға тиіп тұрса пайдаланбаңыз. Құрылғыны су қолмен іске пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны жұмыс орны немесе зат сақтайтын орын ретінде қолданбаңыз.
- Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда, пісіру алаңы ысып кетеді. Күйіп қалу қаупі бар. Пісіру алаңына темір заттарды, мысалы ас құралдары мен кәстрөл қақпақтарын қоймаңыз, себебі олар қызып кетеді.
- Құрылғыны пайдаланған кезде оның іші ысып кетеді. Күйіп қалу қаупі бар. Керек-жарақтары мен кәстрөлдерді алып-салған кезде қолғап киіңіз.
- Құрылғы мен оның қол жететін жердегі бөлшектері қолдану барысында ысып тұрады. Қыздырғыш элементтерге қолыңыз тиіп кетпес үшін абай болыңыз. Жас балаларды үнемі қадағалап отырмасаңыз құрылғыдан алыс ұстау керек.
- Есікті абайлап ашыңыз. Алкоголь қосылған қоспаларды қолданғанда, ауа мен алкоголь қоспасы пайда болуы мүмкін. Өрт шығу қаупі бар.
- Есікті ашқан кезде жарқыл немесе ашық отты құрылғыға жақындатпаңыз.
- Тұтанғыш заттарды немесе ішіне тұтанғыш зат салынған дымқыл заттарды және/немесе балқығыш заттарды (пластмасса немесе алюминийден жасалған) заттарды құрылғының қасына немесе үстіне, ішіне қоймаңыз. Жарылыс немесе өрт шығу қаупі бар.
- Пісіру алаңын қолданып болғаннан кейін әрқашан "off" (сөндіру) қалпына қойыңыз.
- Пісіру алаңдарын бос ыдыс қойып немесе мүлде ыдыссыз пайдаланбаңыз.
- Ыдыстың ішіндегісі сарқылғанша қайнатпаңыз. Бұл ыдысқа және пештің үстіне нұқсан келтіруі мүмкін.
- Пештің үстіне зат немесе ыдыс-аяқ құласа, оны бүлдіруі мүмкін.
- Ыстық ыдысты басқару панеліне жақын қоймаңыз, себебі қызудың әсерінен құрылғы бүлінуі мүмкін.
- Құрылғының эмаль қаптамасын бүлдіріп алмас үшін, керек-жарақтарды алып-салғанда абай болыңыз.
- Шойыннан, құйма алюминийден жасалған не түбіне бүлінген ыдысты әрі-бері сырғытсаңыз, пештің үстіне сызат түсуі мүмкін.
- Құрылғының эмаль қаптамасының түсінің өзгеруі құрылғы жұмысына әсер етпейді.
- Құрылғының эмаль қаптамасы бүлініп немесе өңі кетпес үшін:
 - құрылғының табанына ешбір затты тура қоймаңыз және оны алюминий фольгамен жаппаңыз;
 - құрылғының ішіне ыстық суды тура қоймаңыз;
 - тамақ пісіріп болғаннан кейін дымқыл ыдыс пен тағамды құрылғының ішінде ұстамаңыз.

- Ашық тұрған құрылғы есігіне күш салмаңыз.
- Тұмшашпештің астыңғы бөлігіне тұтанғыш заттарды қоймаңыз. Онда тек қызуға төзімді заттарды (егер болса) ғана қойыңыз.
- Тұмшашпештің бу шығатын саңылауларын жаппаңыз. Олар тұмшашпештің артқы жағының үстін ала орналасқан (егер бар болса).
- Еріп кетуі мүмкін нәрсені пештің үстіне қоймаңыз.
- Бетіне сызат түскенін байқасаңыз, дереу тоқтан ажыратыңыз. Электр тоғына түсу қаупі бар.
- Қызу өткізгіш материалдарды (мысалы, жұқа темір тор немесе металл жалатылған қызу өткізгіштер) ыдыстың астына қоймаңыз. Аса көп қызу шағылысынан, пештің шыны бетіне нұқсан келуі мүмкін.
- Тоқ сөніп қалған кездері құрылғыны қолданбаңыз.

Күту менен тазалау

- Жуып-тазалардың алдында құрылғының суық екеніне көз жеткізіңіз. Күйіп қалу қаупі бар. Шыны панелі сынып қалуы мүмкін.
- Құрылғыны әрқашан таза ұстаңыз. Жиналып қалған май не тағам қалдықтары өрт қатерін тудыруы мүмкін.
- Құрылғыны үнемі тазалап отырса, оның беткі қабаты бүлінбейді.
- Өз қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету және мүлікке зиян келтірмеу үшін құрылғыны тек сабынды сумен жуыңыз. Тұтанғыш заттарды немесе тот басуына себеп болатын заттарды қолданбаңыз.
- Құрылғыны бумен тазалайтын, жоғары қысыммен тазалайтын құралдармен, өткір, түрпілі тазартқыш заттармен, түрпілі жөкелермен және дақ кетіргіштермен тазаламаңыз
- Пеш бүріккішін қолдансаңыз, оны өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. Қыздырғыш элементтері мен термостат сенсорына (қолданылатын болса) ешбір затты бүрікпеңіз.
- Шыны есікті жеміргіш заттармен немесе металл қырғышпен тазаламаңыз. Ішкі шыны панельдің қызуға төзімді беті сынуы немесе шытынауы мүмкін.
- Есіктің шыны панельдеріне нұқсан келсе, босап, сынып қалуы мүмкін. Оларды міндетті түрде ауыстыру керек. Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғының есігін алған кезде абай болыңыз. Есіктің салмағы ауыр.
- Осы құрылғыда тек тұрмыстық құрылғыларда пайдалануға арналған арнайы шамдар ғана қолданылған. Оларды бөлмені жартылай немесе толықтай жарықтандыру үшін қолдануға болмайды.
- Егер шамды ауыстыру қажет болса, қуаты дәл осындай, тұрмыстық құрылғыларға арналған шамды ғана қолданыңыз.
- Тұмшашпештің шамын ауыстырар алдында құрылғыны электр желісінен ағытыңыз. Электр тоғына түсу қаупі бар. Құрылғы суығанша күтіңіз. Күйіп қалу қаупі бар.

Қызмет көрсету орталығы

- Тек уәкілетті техниктің ғана құрылғыны жөндеуіне немесе оған қатысты жұмысты орындауына болады. Уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.


- Тек фирмалық қосалқы бөлшектерді ғана қолданыңыз.

Құрылғыны тастау

- Адам жарақаттанып немесе мүлікке зиян келмес үшін:
 - Құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз.
 - Қуат сымын кесіп алыңыз да, қоқысқа тастаңыз.
 - Есіктің бекітпесін ағытып алыңыз. Бұл кішкентай балалардың немесе үй жануарларының құрылғының ішіне кіріп, қамалып қалуына жол бермейді. Тұншығып қалу қаупі бар.

БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ


Жалпы шолу



- 1** Басқару панелі
- 2** Пеш тақтасын басқару тетіктері
- 3** Электрондық бағдарламалағыш
- 4** Температураны басқару тетігі
- 5** Температура көрсеткіші
- 6** Қуат индикаторы
- 7** Пеш функцияларын басқару тетігі
- 8** Қыздырғыш элемент

- 9** Пеш шамы
- 10** Желдеткіш
- 11** Сөрелердің орналасуы

Пісіру тақтасының орналасуы



- 1** Бір шығырықты пісіру алаңы 1200 Вт
- 2** Бу шығатын саңылау
- 3** Сопақ пісіру алаңы (1100 Вт/900 Вт) 2000 Вт
- 4** Бір шығырықты пісіру алаңы 1200 Вт
- 5** Қалдық қызу индикаторлары
- 6** Қосарлы пісіру алаңы (1000 Вт/700 Вт) 1700 Вт

Керек-жарақтары

- **Тұмшاپеш сәресі**
Ыдыс, торт қалыптарын қою, тағам қуыруға арналған.
- **Тегіс пісіру науасы**
Торттар мен печеньеелерге арналған.
- **Қуыруға арналған шұңғыл таба**
Пісіру және қуыру үшін немесе май жинайтын таба ретінде қолданылады.
- **Қырғыш**
Керамика бетке тасып төгілген затты тазалауға арналған.
- **Зат сақтау суырмасы**
Пеш қуысынан төмен зат сақтау суырмасы орналасқан.



Назарыңызда болсын!

Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда зат сақтау суырмасы ысып кетуі мүмкін.

БІРІНШІ ҚОЛДАНҒАНҒА ДЕЙІН



Назарыңызда болсын!

"Қауіпсіздік туралы мағлұматтар" тарауын қараңыз.



Сақтандыру туралы ескерту!

Тұмшاپештің есігін ашу үшін, тұтқасын әрқашан ортасынан ұстаңыз.

Алғашқы тазалау

- Құрылғы ішіндегі керек-жарақтардың барлығын алыңыз.
- Құрылғыны алғаш рет пайдаланар алдында тазалаңыз.



Сақтандыру туралы ескерту!

Жеміргіш жуғыш заттарды қолданбаңыз! Құрылғының бетіне нұқсан келтіруі мүмкін. "Күтіп ұстау және тазалау" тарауын қараңыз.

Уақытты орнату




Пеш тек уақыт қойылған соң ғана жұмыс жасайды.

Құрылғыны электр желісіне қосқанда не электр қуаты өшіп қалған кезде уақыт функциясын көрсететін шам автоматты түрде жыпылықтай бастайды.

Ағымдық уақытты орнату үшін "+" не "-" түймешігін қолданыңыз.

5 секундтай уақыт өткеннен кейін жыпылықтау тоқтап, бейнебетте орнатылған тәулік уақыты көрсетіледі.



Уақытты өзгерту үшін автоматты функцияны (Ұзақтығы I->I немесе Соңы ->I) қоса орнатуға бірге болмайды.

Алдын ала қыздыру

1. Функцияны  және ең үлкен температураны орнатыңыз.
2. Пешті шамамен 1 сағат тағам қоймай іске қосып қойыңыз.
3. Функцияны  және ең үлкен температураны орнатыңыз.
4. Пешті шамамен 10 минут тағам қоймай іске қосып қойыңыз.
5. Функцияны  және ең үлкен температураны орнатыңыз.
6. Пешті шамамен 10 минут тағам қоймай іске қосып қойыңыз.

Бұл құрылғының ішіндегі қалдықтарды жағу үшін керек. Керек-жарақтар әдеттегіден ыстығырақ болады. Құрылғыны бірінші рет алдын ала қыздырған кезде, одан иіс пен түтін шығуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Ауа айналымының жеткілікті екенін тексеріңіз.

ПЕШТІҢ ҮСТІ - КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ



Назарыңызда болсын!

"Қауіпсіздік туралы мағлұматтар" тарауын қараңыз.

Қалдық қызуды анықтайтын шам

Қалдық қызуды анықтайтын шам пісіру алаңы ыстық тұрған кезде жанады.

**Назарыңызда болсын!**

Қалдық қызуға күйіп қалу қаупі бар!



Пісіру алаңы іске қосылып тұрғанда, одан біраз уақыт сырылдаған дыбыс естіледі. Бұл керамика шынылы пісіру алаңдарының бәріне тән жағдай және құрылғы дұрыс істемей тұр дегенді білдірмейді.

Қыздыру параметрлері

Басқару түймешесі	Функция
0	Off (сөндірулі) қалпы
1-12	Қыздыру параметрлері (1 = ең төмен қыздыру параметрі; 12 = ең жоғары қыздыру параметрі)

1. Басқару тетігін қажетті қыздыру параметріне бұраңыз.
2. Тағам пісіруді аяқтау үшін, басқару тетігін "0" қалпына бұраңыз.

Қосарлы пісіру алаңын пайдалану**Назарыңызда болсын!**

Сопақ/қосарлы пісіру алаңын баптау үшін қосарлы алаңы бар басқару тетігін оңға бұраңыз (оны тоқтап тұрған қалпында бұрамаңыз).

1. Басқару тетігін оңға - "12" қалпына бұраңыз.
2. Басқару тетігін сырт еткен дыбыс естілгенше  таңбасына қарай баяу бұраңыз. Сол кезде екі пісіру алаңы да іске қосылады.
3. Қажетті қызу параметрін орнату үшін, "Қызу параметрлері" тарауын қараңыз.

ПЕШТІҢ ҮСТІ - ПАЙДАЛЫ АҚЫЛ-КЕҢЕС**Ыдыс-аяқ**

- Ыдыстың түбі барынша қалың, әрі мүмкіндігінше тегіс болуға тиіс.
- Эмальмен қапталған темірден жасалған, түбі алюминий не мыс ыдыстар, пештің керамика бетінің түсін өзгертеді.

Қуатты үнемдеу

- Мүмкін болса, ыдыстардың қақпақтарын әрқашан жауып отырыңыз.
- Пісіру алаңын ыдысты үстіне қойғаннан кейін ғана іске қосыңыз.
- Қалдық жылуды пайдалану үшін пісіру алаңдарын пісіру уақыты аяқталмай тұрып өшіріңіз.
- Ыдыстардың түбі мен пісіру алаңдарының көлемі бірдей болуға тиіс.

Тағам пісіруге қатысты мысалдар

Кестедегі ақпарат тек жалпылама ұсыныс ретінде ғана берілген.

Қызу парам етрі	Төмендегілер үшін қолданылады:	Уақыт	Ақыл-кеңес
1	Пісірілген тағамды жылы ұстау үшін	қажетін ше	Қақпақ
1-3	Голланд соусы, мыналарды еріту үшін: сарымай, шоколад, желатин	5-25 мин	Мезгіл-мезгіл араластырыңыз
1-3	Мыналарды қатыру үшін: жұмсақ омлет, қуырылған жұмыртқа	10-40 мин	Қақпағын жауып пісіріңіз
4-6	Сүтке пісірілетін тағамдарды бөсең отқа қайнату, дайын тағамдарды ысыту	25-50 мин	Кем дегенде күріштен екі есе көп сұйық құйыңыз, сүт тағамдарын пісірудің ортасына келгенде араластырыңыз
4-6	Көкөністерді, балық, етті буға пісіру үшін	20-45 мин	Сұйықтан бірнеше ас қасық қосыңыз
5-7	Картоптарды булап пісіру	20-60 мин	750г картопқа макс. 1/4 л су құйыңыз
5-7	Көп мөлшердегі тағамдарды, бұқтырма және сорпа тағамдарын пісіру үшін	60-150 мин	3 л дейін су, сондай-ақ дәмдеуіштер
8-9	Баппен қуыру: эскалоп, кордон блу, котлета, пирожок, шұжық, бауыр, соуыс қоспасы, жұмыртқа, құймақ, бауырсақ	қажетін ше	Орта шегіне келгенде аударыңыз
10-11	Қуырма, картоп пісірмесі, филеден жасалған стейк, стейк	5-15 мин	Орта шегіне келгенде аударыңыз
11-12	Көп мөлшердегі суды қайнату, макарон пісіру, ет қуыру(гуляш,бұқтырма ет), чипсы қуыруға арналған		

ПЕШТІҢ ҮСТІ - КҮТІП ҰСТАУ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ



Назарыңызда болсын!

"Қауіпсіздік туралы мағлұматтар" тарауын қараңыз.



Суымаған пешке күйіп қалу қаупі бар!

Пеш суығанша күтіңіз.

Құрылғыны әр пайдаланып болған сайын тазалап отырыңыз.

Әрқашан табаны таза ыдыстарды қолданыңыз.



Шыны керамикаға түскен сызаттар немесе қошқыл дақтар құрылғының жұмысына ешқандай әсер етпейді.

Қоқысты тазалау үшін:

1. – **Дереу тазалаңыз:** балқыған пластик, пластик фольга, қант қосылған тағам. Дереу тазаламасаңыз, құрылғыны бүлдіріп алуыңыз мүмкін. Шыныға арналған арнайы қырғышты қолданыңыз. Қырғышты шыны бетке сүйір бұрыш жасап қойып, жылжыту арқылы тазалаңыз.
- **Құрылғы жеткілікті түрде суығаннан кейін келесіні алыңыз:** әк жолақтары, су дақтары, май дақтары және металл дақтары. Шыны керамикаға немесе тоттанбайтын болатқа арналған арнайы тазартқыш құралдарды қолданыңыз.
2. Құрылғыны дымқыл шүберекпен, шамалы жуғыш зат қосып тазалаңыз.
3. Соңында, құрылғыны таза **шүберекпен әбден құрғатыңыз.**
 - Құрылғының алдыңғы жағын жуғыш сұйық қосылған жылы суға батырылған жұмсақ шүберекпен тазалаңыз.
 - Алдыңғы жағы темір құрылғыларды тот баспайтын темірге арналған жуғыш затпен тазалаңыз.
 - Жеміргіш әсері бар тазалағыштар мен түрпілі жөкелерді пайдаланбаңыз.

ТҰМШАПЕШ- КҮНДЕЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ



Назарыңызда болсын!

"Қауіпсіздік туралы мағлұматтар" тарауын қараңыз.

Құрылғыны іске қосу және сөндіру

1. Тұмшапеш функциясын таңдау үшін тұмшапеш функцияларының тетігін бұраңыз.
2. Температураны таңдау үшін температура тетігін бұраңыз.
Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда қуат индикаторы жанып тұрады.
Температура индикаторы құрылғының ішіндегі температура жоғарылаған кезде жанады.
3. Құрылғыны сөндіру үшін тұмшапеш функцияларының тетігін және температура тетігін "Off" (сөндірулі) қалпына қойыңыз.

Қауіпсіздік терморелесі

Бұл пеш(дұрыс пайдаланбау не элементтерінің бірінің ақаулығына байланысты)шамадан тыс қызып кету тәрізді қатерлі жағдайдың алдын алу үшін қуатты үзіп тастайтын қауіпсіздік терморелесімен жабдықталған. Температурасы төмендеген кезде пеш автоматты түрде қайта қосылады.


Пештің функциялары

Пеш функциясы		Қолданылуы
	Шам	Пештің ішін жарықтандыруға арналған.
	Дәстүрлі тамақ пісіру	Пештің бір сөресінде пісіру мен қуыруға арналған.

Пеш функциясы		Қолданылуы
	Түбінің қызуы	Кірілдек әрі қыртысы қатты торттарды пісіру және тамақты консервілеу үшін.
	Ауамен желпіп пісіру	Бір мезгілде ең көбі пештің екі сәресінде пісіруге арналған.
	Ауамен желпіп пісіру	Бір мезгілде ең көбі пештің үш сәресінде пісіруге арналған. Және тағамды кептіруге арналған.
	Кеңейтілген гриль	Жайпақ тағамды көп мөлшерде пісіру және сәл қуыру үшін.
	Турбо гриль	Ет пен құс етін көп мөлшерде бір деңгейде қызартып пісіруге арналған. Сондай-ақ, аунатып әрі қызарғанша қуыруға арналған.
	Суытылған пицца	Тағамды пештің бір қатарына қойып қатты қызартып, түбін қытырлақ етіп пісіруге арналған.
	Жібіту	Мұздатылған тағамды жібітуге арналған.

ТҰМШАПЕШ - САҒАТ ФУНКЦИЯЛАРЫ

Бейнебет



- 1 Функция индикаторлары
- 2 Уақыт бейнебеті
- 3 Функция индикаторлары
- 4 "түймешігі +"
- 5 Функция таңдау тетігі
- 6 "түймешігі -"


Сағат функциясы		Қолданылуы
	Тәулік уақыты	Уақытты көрсетеді. Уақытты орнатуға, өзгертуге немесе тексеруге арналған.
	Минут операторы	Кері санақ уақытын орнатуға арналған. Уақыт біткен кезде дыбыстық сигнал естіледі. Бұл функция пештің қызметіне әсер етпейді.
	Ұзақтығы	Пештің қаншалықты ұзақ жұмыс істеуге тиіс екенін көрсетуге арналған.
	Соңы	Пеш функциясын өшіру уақытын орнатуға арналған.



Ұзақтық I→I пен Соңы →I функциясын, пеш кейінірек автоматты түрде қосылып не ажыратылуға тиіс болса қатар пайдалануға болады. Бұндай жағдайда алдымен Ұзақтық I→I параметрін, содан кейін Соңы →I параметрін орнатыңыз.

Сағат функцияларын орнату

1. Таңдағыш түймешікті қажетті функцияның шамы жыпылықтағанша қайта-қайта басыңыз.
2. Минут операторының , Ұзақтық I→I немесе Соңы →I уақытын орнату үшін, "+" немесе "-" түймешігін қолданыңыз. Тиісті функция шамы жыпылықтайды. Уақыт өтіп біткенде функция шамы жыпылықтайды да, дыбысты сигнал 2 минут бойы беріліп тұрады.



Ұзақтық I→I және Соңы →I функциялары орнатылғанда пеш автоматты түрде өшеді.

3. Дыбысты сигналды тоқтату үшін кез келген түймешікті басыңыз.


Сағат функцияларын біржола тоқтату

1. Таңдағыш түймешікті қажетті функцияның шамы жыпылықтағанша қайта-қайта басыңыз.
2. "-" түймешігін басып ұстап тұрыңыз. Бірнеше секундтан кейін сағат функциясы өшеді.

КЕРЕК-ЖАРАҚТАРДЫ ҚОЛДАНУ


Тұмшاپештің керек-жарақтарын орнату

Пештің сырғымалы керек-жарақтарының қос қырлы ұштарын пештің артқы жағына келтіріп, төмен қаратып салыңыз. Пештің сырғымалы керек-жарақтарын пеш қатарларының біріндегі бағыттағыш жолдарға келтіріп салыңыз.



Пеш сәресі мен қуыру табасын қатар орналастыру

Пештің сәресін қуыру табасының үстіне қойыңыз. Шұңғыл табаны тұмшапеш деңгейлерінің біріндегі бағыттағыш жолдарға келтіріп салыңыз.



ТҰМШАПЕШ - ПАЙДАЛЫ АҚЫЛ-КЕҢЕС



Сақтандыру туралы ескерту!

Өте сулы қоспадан жасалған тортты пісіру үшін шұңғыл табақты қолданыңыз. Жемістің шырыны эмаль қаптамаға кетпейтін дақ қалдыруы мүмкін.

- Пештің сәре қойылатын төрт қатары бар. Сәре қатарларын құрылғының астынан бастап санау керек.
- Түрлі тағамдарды бір мезгілде пештің екі деңгейінде пісіруге болады. Сөрелерді 1-ші және 3-ші деңгейге қойыңыз.
- Құрылғының ішіне немесе есігінің шынысына бу тұруы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. Тамақ пісірген кезде есікті әрқашан артқа шегініп барып ашыңыз. Бу аз жиналуы үшін тамақ пісірер алдында пешті 10 минут іске қосып қойыңыз.
- Құрылғыны пайдаланып болғаннан кейін ылғал жерлерін сүртіп отырыңыз.
- Заттарды құрылғының табанына тура қоймаңыз және тағам пісірген кезде құрылғының бөлшектерін алюминий фольгамен жаппаңыз. Бұл пісіру нәтижесіне әсер етіп, пештің эмаль қаптамасын бүлдіруі мүмкін.

Торт пісіру

- Пісіруді бастамай тұрып пешті 10 минут қыздырып алыңыз.
- Пісіру уақытының 3/4 мөлшері өтпейінше пештің есігін ашпаңыз.
- Бір уақытта екі пісіру сәресін пайдалансаңыз, олардың арасындағы бір қатарды ашық қалдырыңыз.

Балық пен етті пісіру

- Салмағы 1 кг-нан аз етті пісірмеңіз. Етті тым аз мөлшерде пісіргенде, ол тым құрғақ болып піседі.
- Өте майлы тағамды пісірген кезде, пеште кетпейтін дақ қалып қоймас үшін май жинайтын табаны қолданыңыз.
- Еттің сәлі ағып кетпес үшін, оны турамай тұрып 15 минуттай қоя тұрыңыз.

- Тағамды қуырған кезде пештің іші қатты түтіндеп кетпес үшін, май жинағыш табаға аздап су құйыңыз. Түтін жиналып қалмас үшін суы сарқылған сайын үстінен су құйып отырыңыз.

Пісіру уақыттары

Пісіру уақыты тағамның түріне, құрылымына және мөлшеріне байланысты. Бастапқы кезде, тағамның қалай пісірілетініне назар аударыңыз. Осы құрылғыны қолданған кезде, ыдысқа, рецептілерге және тағамның мөлшеріне барынша сай келетін параметрлерді (қызу параметрі, пісіру уақыты т.с.с.) табыңыз.

Дәстүрлі пісіру

Тағам	Салмағы (г)	Сөре түрі	Сөре деңгейі	Алдын ала қыздыру уақыты (минут)	Температура (°C)	Пісіру уақыты (минут)
Өрме тоқаш	250	эмальмен қапталған	3	-	150	25-30
Жалпақ торт	1000	эмальмен қапталған	2	10	160-170	30-35
Алма торты	2000	эмальмен қапталған	3	-	170-190	40-50
Алма бөліші	1200+1200	Алюминий мен қапталған 2 деңгелек сөре (диаметрі: 20 см)	1	15	180-200	50-60
Кішкене кекстер	500	эмальмен қапталған	2	10	160-180	25-30
Майсыз қопсыма торт	350	Алюминий мен қапталған 1 деңгелек сөре (диаметрі: 26 см)	1	10	160-170	25-30
Құймақ	1500	эмальмен қапталған	2	-	160-170	45-55 ¹⁾
Тауық, тұтас	1350	2-деңгейде пеш сөресі, 1-деңгейде қуыру сөресі	2	-	200-220	60-70

Тағам	Салмағы (г)	Сөре түрі	Сөре деңгейі	Алдын ала қыздыру уақыты (минут)	Температура (°C)	Пісіру уақыты (минут)
Тауық, жарты	1300	3-деңгейде пеш сөресі, 1-деңгейде қуыру сөресі	3	-	190-210	30-35
Шошқа етінің котлеті	600	3-деңгейде пеш сөресі, 1-деңгейде қуыру сөресі	3	-	190-210	30-35
Жеміс қосылған бөліш	800	эмальмен қапталған	2	20	230-250	10-15
Толтырмасы бар ашытылған кекс	1200	эмальмен қапталған	2	10-15	170-180	25-35
Пицца	1000	эмальмен қапталған	2	10-15	200-220	30-40
Чизкейк	2600	эмальмен қапталған	2	-	170-190	60-70
Швейцариялық алма фланы	1900	эмальмен қапталған	1	10-15	200-220	30-40
Кристмас торты	2400	эмальмен қапталған	2	10-15	170-180	55-65 ²⁾
Киш лорен	1000	1 дөңгелек сөре (диаметрі: 26 см)	1	10-15	220-230	40-50
Шаруаны	750+750	Алюминиймен қапталған 2 дөңгелек сөре (диаметрі: 20 см)	1	18 ³⁾	180-200	60-70

Тағам	Салмағы (г)	Сөре түрі	Сөре деңгейі	Алдын ала қыздыру уақыты (минут)	Температура (°C)	Пісіру уақыты (минут)
Румын қопсыма торты	600+600	Алюминий мен қапталған 2 дөңгелек сөре (диаметрі: 25 см)	2/2	10	160-170	40-50
Румын қопсыма торты - дәстүрлі	600+600	Алюминий мен қапталған 2 дөңгелек сөре (диаметрі: 20 см)	2/2	-	160-170	30-40
Ашытылған тоқаштар	800	эмальмен қапталған	2	10-15	200-210	10-15
Швейцария орамасы	500	эмальмен қапталған	1	10	150-170	15-20
Меренга	400	эмальмен қапталған	2	-	100-120	40-50
Үгітілмелі торт	1500	эмальмен қапталған	3	10-15	180-190	25-35
Қопсыма торт	600	эмальмен қапталған	3	10	160-170	25-35
Майлы торт	600	эмальмен қапталған	2	10	180-200	20-25

1) Құрылғыны сөндіргеннен кейін тортты 7 минут пеште ұстаңыз.

2) Құрылғыны сөндіргеннен кейін тортты 10 минут пеште ұстаңыз.

3) Алдын ала қыздыру үшін температураны 250 °C градусқа қойыңыз.

Ауамен желпіп пісіру

Тағам	Салмағы (г)	Сөре түрі	Сөре деңгейі	Алдын ала қыздыру уақыты (минут)	Температура (°C)	Пісіру уақыты (минут)
Өрме тоқаш	250	эмальмен қапталған	3	10	140-150	20-30
Өрме тоқаш	250 + 250	эмальмен қапталған	1/3	10	140-150	25-30

Тағам	Салмағы (г)	Сөре түрі	Сөре деңгейі	Алдын ала қыздыру уақыты (минут)	Температура (°C)	Пісіру уақыты (минут)
Өрме тоқаш	250 + 250 + 250	эмальмен қапталған	1/2/3	10	150-160	30-40
Жалпақ торт	500	эмальмен қапталған	2	10	150-160	30-35
Жалпақ торт	500 + 500	эмальмен қапталған	1/3	10	150-160	35-45
Жалпақ торт	500 + 500 + 500	эмальмен қапталған	1/2/4 ¹⁾	10	155-165	40-50
Алма торты	2000	эмальмен қапталған	3	-	170-180	40-50
Алма бөліші	1200 + 1200	Алюминий мен қапталған 2 дөңгелек сөре (диаметрі: 20 см)	2/2	-	165-175	50-60
Кішкене кекстер	500	эмальмен қапталған	2	10	150-160	20-30
Кішкене кекстер	500 + 500	эмальмен қапталған	1/3	10	150-160	30-40
Кішкене кекстер	500 + 500 + 500	эмальмен қапталған	1/2/4 ¹⁾	10	150-160	35-45
Майсыз қопсыма торт	350	Алюминий мен қапталған 1 дөңгелек сөре (диаметрі: 26 см)	1	10	150-160	20-30
Құймақ	1200	эмальмен қапталған	2	-	150-160	30-35 ²⁾
Тауық, тұтас	1300	2-деңгейде пеш сөресі, 1-деңгейде қуыру сөресі	2	-	170-180	40-50

Тағам	Салмағы (г)	Сөре түрі	Сөре деңгейі	Алдын ала қыздыру уақыты (минут)	Температу ра (°C)	Пісіру уақыты (минут)
Шошқаның қуырылған еті	800	2-деңгейде пеш сөресі, 1-деңгейде қуыру сөресі	2	-	170-180	45-50
Толтырмас ы бар ашытылған кекс	1200	эмальмен қапталған	2	20-30	150-160	20-30
Пицца	1000 + 1000	эмальмен қапталған	1/3	-	180-200	30-40
Пицца	1000	эмальмен қапталған	2	-	190-200	25-35
Чизкейк	2600	эмальмен қапталған	1	-	160-170	40-50
Швейцария лық алма фланы	1900	эмальмен қапталған	2	10-15	180-200	30-40
Кристмас торты	2400	эмальмен қапталған	2	10	150-160	35-40 ²⁾
Киш лорен	1000	1 дөңгелек сөре (диаметрі: 26 см)	2	10-15	190-210	30-40
Шаруа наны	750+750	Алюминий мен қапталған 2 дөңгелек сөре (диаметрі: 20 см)	1	15-20 ³⁾	160-170	40-50
Румын қопсыма торты	600+600	Алюминий мен қапталған 2 дөңгелек сөре (диаметрі: 25 см)	2/2	10-15	155-165	40-50

Тағам	Салмағы (г)	Сөре түрі	Сөре деңгейі	Алдын ала қыздыру уақыты (минут)	Температура (°C)	Пісіру уақыты (минут)
Румын қопсыма торты - дәстүрлі	600+600	Алюминий мен қапталған 2 деңгелек сөре (диаметрі: 20 см)	2/2	-	150-160	30-40
Ашытылған тоқаштар	800	эмальмен қапталған	3	15	180-200	10-15
Ашытылған тоқаштар	800 + 800	эмальмен қапталған	1/3	15	180-200	15-20
Швейцария орамасы	500	эмальмен қапталған	3	10	150-160	15-25
Меренга	400	эмальмен қапталған	2	-	110-120	30-40
Меренга	400 + 400	эмальмен қапталған	1/3	-	110-120	45-55
Меренга	400 + 400 + 400	эмальмен қапталған	1/2/4 ¹⁾	-	115-125	55-65
Үгітілмелі торт	1500	эмальмен қапталған	3	-	160-170	25-35
Қопсыма торт	600	эмальмен қапталған	2	10	150-160	25-35
Майлы торт	600 + 600	эмальмен қапталған	1/3	10	160-170	25-35

1) 4-деңгейдегі торт дайын болғаннан кейін, оны алыңыз да, орнына 1-деңгейдегі тортты қойыңыз. Тағы он минут пісіріңіз.

2) Құрылғыны сөндіргеннен кейін тортты 7 минут пеште ұстаңыз.

3) Алдын ала қыздыру үшін температураны 250 °C градусқа қойыңыз.

Ауамен желпіп пісіру

Тағам	Салмағы (г)	Науа түрі	Сөре деңгейі	Алдын ала қыздыру уақыты (минут)	Температура (°C)	Пісіру уақыты (минут)
Тәтті таспа	250	эмальмен қапталған	3	10	150-160	20-30

Тағам	Салмағы (г)	Науа түрі	Сөре деңгейі	Алдын ала қыздыру уақыты (минут)	Температура (°C)	Пісіру уақыты (минут)
Тәтті таспа	250 + 250	эмальмен қапталған	1/3	10	140-150	25-30
Тәтті таспа	250 + 250 + 250	эмальмен қапталған	1/2/4	10	150-160	30-35
Шелпек	1000	эмальмен қапталған	2	10	150-160	30-40
Шелпек	1000 + 1000	эмальмен қапталған	1/3	10	140-150	45-55
Шелпек	1000 + 1000 + 1000	эмальмен қапталған	1 / 2 / 4	10	140-150	55-65
Алма қосылған ашыған қамыр торты	2000	эмальмен қапталған	3	10	170-180	40-50
Алма бөліші	1200 + 1200	Алюминиймен қапталған 2 дөңгелек табақ (диаметрі: 20 см)	2/3	10	170-180	50-60
Кішкене кекстер	500	эмальмен қапталған	3	10	140-150	30-35
Кішкене кекстер	500 + 500	эмальмен қапталған	1/3	10	140-150	25-30
Кішкене кекстер	500 + 500 + 500	эмальмен қапталған	1/2/4	10	150-160	25-30
Майсыз бисквит торт	350	Алюминиймен қапталған 1 дөңгелек табақ (диаметрі: 26 см)	3	10	150-160	30-40
Құймақ	1200	эмальмен қапталған	3	-	150-160	40-50 ¹⁾
Тұтас тауық еті	1400	пеш сәресі 1-ші қатарда, қуыру табасы 2-ші қатарда	2	-	170-190	50-60
Қуырылған шошқа котлеті	600	пеш сәресі 1-ші қатарда, қуыру табасы 3-ші қатарда	3	-	180-200	30-40

Тағам	Салмағы (г)	Науа түрі	Сөре деңгейі	Алдын ала қыздыру уақыты (минут)	Температура (°C)	Пісіру уақыты (минут)
Ашық бөліш	800	эмальмен қапталған	2	15	230-250	10-15
Толтырылған ашыған қамыр кексі	1200	эмальмен қапталған	3	20-30	160-170	20-30
Пицца	1000 + 1000	эмальмен қапталған	1/3	-	180-200	50-60
Сүзбе торты	2600	эмальмен қапталған	2	-	150-170	60-70
Алма қосылған ашық бөліш	1900	эмальмен қапталған	3	15	180-200	30-40
Рождество торты	2400	эмальмен қапталған	3	10	150-170	50-60 ²⁾
Киш лорен	1000	1 дөңгелек табақ (диаметрі: 26 см)	2	15	210-230	35-45
Шаруа наны	750+750	Алюминиймен қапталған 2 дөңгелек табақ (диаметрі: 20 см)	3	15 ³⁾	180-190	50-60
Румын бисквит торты	600+600	Алюминиймен қапталған 2 дөңгелек табақ (диаметрі: 25 см)	2/2	10	150-170	40-50
Румын бисквит торты - дәстүрлі	600+600	Алюминиймен қапталған 2 дөңгелек табақ (диаметрі: 20 см)	2/2	-	160-170	30-40
Ашытып пісірілген тоқаш	800	эмальмен қапталған	3	10	180-200	10-15
Ашытып пісірілген тоқаш	800 + 800	эмальмен қапталған	1/3	10	180-200	15-20
Швейцария орамасы	500	эмальмен қапталған	3	10	150-170	10-15
Меренга	400	эмальмен қапталған	2	-	100-120	50-60

Тағам	Салмағы (г)	Науа түрі	Сөре деңгейі	Алдын ала қыздыру уақыты (минут)	Температура (°C)	Пісіру уақыты (минут)
Меренга	400 + 400	эмальмен қапталған	1/3	-	100-120	55-65
Меренга	400 + 400 + 400	эмальмен қапталған	1/2/4	-	115-125	65-75
Үкпе торт	1500	эмальмен қапталған	2	10	170-180	20-30
Бисквит торт	600	эмальмен қапталған	2	10	150-170	20-30
Майлы торт	600 + 600	эмальмен қапталған	1/3	10	150-170	20-30

1) Құрылғыны сөндіргеннен кейін тортты 7 минут пеште ұстаңыз.

2) Құрылғыны сөндіргеннен кейін тортты 10 минут пеште ұстаңыз.

3) Алдын ала қыздыру үшін температураны 230 °C мәніне орнатыңыз.

Кеңейтілген гриль

Тағам	Салмағы (г)	Сөре деңгейі	Алдын ала қыздыру уақыты (минут)	Температура (°C)	Пісіру уақыты (минут)
Қыздырылған нан	500	3	4	250	2-4
Тауықтың жарты еті	1200	2	-	230	30+30
Бифштекстер	1000	3	10	250	15+15
Қуырылған шошқа котлеті	500	3	-	230	25+25

Турбо гриль

Тағам	Салмағы (г)	Сөре деңгейі	Алдын ала қыздыру уақыты (минут)	Температура (°C)	Пісіру уақыты (минут)
Қыздырылған нан	500	3	10	230	3-5
Тауықтың жарты еті	1200	2	-	200	25+25

Тағам	Салмағы (г)	Сөре деңгейі	Алдын ала қыздыру уақыты (минут)	Температура (°C)	Пісіру уақыты (минут)
Қуырылған шошқа котлеті	500	2	-	230	20+20

Пицца функциясы

Тағам	Салмағы (г)	Науа түрі	Сөре деңгейі	Алдын ала қыздыру уақыты (минут)	Температура (°C)	Пісіру уақыты (минут)
Алма бөліші	1200 + 1200	Алюминиймен қапталған 2 дөңгелек табақ (диаметрі: 20 см)	2/2	-	170-180	50-60
Тұтас тауық еті	1400		2	-	165-175	55-65
Тауықтың жарты еті	1350		2	-	165-175	30-35
Пицца	1000 + 1000	эмальмен қапталған, алюминиймен қапталған	1/2 ¹⁾	-	180-200	30
Пицца	1000	эмальмен қапталған	2	-	190-200	25-35
Киш лорен	1000		2	10-15	210-220	20-30

1) 20 минуттан кейін сөрелердегі табактардың орнын ауыстырыңыз.

Акриламидтер бойынша ақпарат

Өте маңызды! Ең соңғы ғылыми мәліметтерге сәйкес, тағамды (әсіресе құрамында крахмал бар) қуырған кезде, акриламидтер денсаулыққа қатер төндіруі мүмкін. Сондықтан, біз тағамды ең төмен температурада пісіруді және тым қатты қуырмауды ұсынамыз.

ТҰМШАПЕШ - КҮТІП ҰСТАУ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ



Назарыңызда болсын!

"Қауіпсіздік туралы мағлұматтар" тарауын қараңыз.


- Құрылғының алдыңғы жағын жуғыш сұйық қосылған жылы суға батырылған жұмсақ шүберекпен тазалаңыз.
- Құрылғының металл беттерін әдетте қолданылатын жуғыш заттармен тазалаңыз

- Тұмшاپештің ішін әр пайдаланып болған сайын тазалап отырыңыз. Осылайша ластықты оңай тазалайсыз, әрі күйіп кетуіне жол бермейсіз.
- Оңай тазаланбайтын қалдықтарды арнайы пеш тазалағыштармен тазалаңыз.
- Тұмшاپештің керек-жарақтарының (жуғыш зат қосылған жылы суға батырылған шүберекпен) бәрін әр пайдаланып болған сайын тазалаңыз да, құрғатыңыз.
- Тұмшاپештің керек-жарағына ластық тұрмайтын болса, жеміргіш затпен, өткір қырлы құралмен тазаламаңыз немесе ыдыс жуғыш машинада жумаңыз. Бұл оның ластық тұрмайтын қаптамасын бүлдіреді!


Сөре жолдары

Сырғытпа жолдарды алу

1. Сырғытпа жолдардың алдыңғы жақтарын қабырғадан ағытып алыңыз.



2. Сырғытпа жолдардың артқы жақтарын қабырғадан ағытып алыңыз.



Сырғытпа жолдарды салу

Сырғытпа жолдарды аталмыш әрекеттерді кері ретпен орындай отырып салыңыз.



Маңызды! Сырғытпа жолдардың доғал ұштары алдыңғы жаққа қарап тұруға тиіс!

Пештің есігін тазалау

Пештің есігінде бірінен кейін бірі орналасқан екі қабатты шыны бар. Оңайырақ тазалау үшін пештің есігі мен ішкі шыны қабатты шығарып алыңыз.



Назарыңызда болсын!

Есік әлі орнатылып тұрғанда ішкі қабатты шығарып алуға әрекет жасаған болсаңыз, пештің есігі жабылып қалуы мүмкін.



Назарыңызда болсын!


Шыны есікті тазаламас бұрын, шыны қабаттардың салқын болуын тексеріңіз. Шынының сынып кету қаупі бар.

**Назарыңызда болсын!**


Есіктің шыны қабаттары зақымданған немесе жарылған кезде, олар әлсіз болып, сынып кетуі мүмкін. Мұны болдырмау үшін оларды ауыстыру қажет. Қосымша нұсқауларды алу үшін жергілікті қызмет көрсету орталығымен байланысыңыз.

Пештің есігі мен шыны қабатты шығарып алу


1. Есікті толық ашып, есіктің екі топсасын ұстап тұрыңыз.



2. Екі топсадағы тетіктерді көтеріп, бұраңыз.



3. Пештің есігін бірінші ашу күйіне (жартылай) қарай жабыңыз. Алға қарай тартып, оны ұясынан шығарып алыңыз.




4. Есікті жұмсақ матамен қорғалған ыңғайлы жерге қойыңыз.

Есіктің төменгі жағындағы 2 бұранданы шығарып алу үшін бұрағышты пайдаланыңыз.



Бұрандаларды жоғалтып алмаңыз




5. Ішкі есікті ашу үшін ағаштан, пластиктен немесе осыларға балама заттан жасалған қалақшаны пайдаланыңыз

Сыртқы есікті ұстап тұрып, ішкі есікті есіктің жоғарғы шетіне қарай итеріңіз

6. Ішкі есікті көтеріңіз

7. Есіктің ішкі жағын тазалаңыз
Шыны қабатты сумен және сабынмен тазалаңыз. Жақсылап сүртіңіз.




Назарыңызда болсын!

Шыны қабатты тек сумен және сабынмен тазалаңыз. Қырғыш тазалау құралдары, дақ кетіргіштер және қырлы заттар (мыс., пышақтар немесе қырғыштар) шыныға зақым келтіруі мүмкін.

Пештің есігі мен шыны қабатын салу

Тазалау рәсімі аяқталғаннан кейін есікті орнына салыңыз. Мұны орындау үшін әрекеттерді кері ретпен орындаңыз.



Тұмшапештің шамы



Назарыңызда болсын!

Абай болыңыз! Электр тоғына түсу қаупі бар!

Тұмшапештің шамын ауыстырар алдында:

- Тұмшапешті сөндіріңіз.
- Сақтандырғыш қорабындағы сақтандырғыштарды алыңыз немесе айырып-қосқышты ажыратыңыз.



Тұмшапештің шамы мен шыны қақпағын қорғау үшін тұмшапештің табанына шүберек төсеңіз.

1. Шыны қақпақты алу үшін оны сағат тілінің бағытына қарсы бұраңыз.
2. Шыны қақпақты тазалаңыз.
3. Тұмшапеш шамын 300°C қызуға төзімді, параметрлері дәл келетін тұмшапеш шамымен ауыстырыңыз.
Тұмшапештің шамындай шамды қолданыңыз.
4. Шыны қақпақты орнатыңыз.

Суырманы алу


Тұмшапештің астындағы суырманы оңай тазалау үшін алуға болады.

Суырманы алу

1. Суырма тоқтағанша бері қарай тартыңыз.
2. Суырманы баяу көтеріңіз.
3. Суырманы түгел алып шығыңыз.

Суырманы салу

Суырманы салу үшін жоғарыда көрсетілген әрекеттерді кері ретпен орындаңыз.

**Назарыңызда болсын!**

Тұтанғыш заттарды (мысалы, тазартқыш заттар, пластик қапшықтар, тұмшапеш қолғабы, қағаз немесе бүріккіштер т.с.с. сияқты) суырмада сақтамаңыз. Тұмшапешті қолданған кезде суырма қызып кетуі мүмкін. Өрт шығу қаупі бар.

НЕ ІСТЕРСІҢІЗ, ЕГЕР...

Ақаулық	Ықтимал себебі	Жөндеу
Қалдық қызу индикаторлары жанбайды	Пісіру алаңы ыстық емес, себебі аз уақытқа ғана қосылған	Егер пісіру алаңы ыстық болуы қажет болса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз

Ақаулық	Ықтимал себебі	Жөндеу
Құрылғы жұмыс істемей тұр	Сақтандырғыш блогындағы сақтандырғыш босап кеткен	Сақтандырғышты тексеріңіз. Сақтандырғыш бірнеше рет ағытылып қалса, білікті электрші маманға хабарласыңыз.
Пеш қызбай тұр	Пеш тоққа қосылмаған	Пешті тоққа қосыңыз
Пеш қызбай тұр	Қажетті параметрлер орнатылмаған	Параметрлерді қадағалаңыз
Пештің шамы жанбай тұр	Пештің шамында ақау бар	Пештің шамын ауыстырыңыз
Бу мен конденсат тағамның үстіне және пештің ішіне жиналады	Тағам пеш ішінде ұзақ уақыт қалып қойған	Тағамды пісіріп болғаннан кейін пеш ішінде 15-20 минуттан артық қалдырмаңыз

Ақаулықты түзету шешімін өзіңіз таба алмасаңыз, дилеріңізге не қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
 Қызмет көрсету орталығына қажетті ақпарат техникалық ақпарат тақтайшасында көрсетілген. Техникалық ақпарат тақтайшасы пеш корпусының алдыңғы жақтауында орналасқан.

Оларды мына жерге жазып қояды ұсынамыз:

Үлгі (MOD.)

.....

Өнім нөмірі (PNC)

.....

Сериялық нөмірі (S.N.)

.....

ОРНАТУ




Назарыңызда болсын!

"Қауіпсіздік туралы мағлұматтар" тарауын қараңыз.

Құрылғы орнатылатын жер

Жеке тұратын бұл құрылғыңыздың бір жағын немесе екі жағын ас үй жиһазына тақатып, не бұрышқа қоюыңызға болады.



Мин. қашықтық


Өлшемдері	мм
A	690
B	150

2-ші санат, 1-ші қосымша санат және 1-ші санат құрылғысы.

Өлшемдері	
Биіктігі	858 мм
Ені	500 мм
Тереңдігі	600 мм
Жалпы электр қуаты	9135 Вт
Кернеу	230 В
Жиілік	50 Гц

Деңгейін келтіру

Құрылғының деңгейін басқа құрылғылармен дәлдеу үшін құрылғының астындағы кішкене тіреулерді қолданыңыз.


**Электр қосылымы**

"Қауіпсіздік туралы мағлұматтар" тарауындағы сақтық шаралары орындалмаған жағдайда, өндіруші жауапкершілік көтермейді.

Бұл құрылғымен аша және қорек сымы бірге жеткізілмейді.
Жарамды кабель түрлері: қимасы сай келетін H05 RR-F сымы.



Қуат сымы құрылғының суретте көрсетілген жеріне тиіп тұрмауға тиісті.



ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЗИЯН КЕЛДІРМЕУ ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТТАР

Бұйымдағы немесе бұйым қорапшасындағы  белгісі осы бұйым кәдімгі үй қалдығы емес екенін көрсетіп білдіреді. Сондықтан оны ескі электр және электроникалық бұйымдарды жинап утилизация үшін арнайы контейнерлерге салуыңыз керек. Осы бұйымды дұрыс түрде утилизация арқылы Сіз қоршаған орта менен адам денсаулығына түсіп пайда бола алатын зиянын болдыртпауын үшін үлес қоса аласыз; осы зиян бұл бұйымды дұрыс емес қолданғанда пайда болуы мүмкін. Осы бұйымның утилизациясы туралы көбірек білуіңіз үшін жергілікті әкімшілігіңізбен, қалдықтарды жинап әкететін мекемеңізбен немесе осы бұйымды Өзіңізге сатқан дүкенімен хабарласыңыз.



Орам материалдары

Орам материалдары қоршаған ортаға зиян келтірмейді және оларды қайта өңдеуге болады. Пластмасса бөлшектер PE, PS, т.б. сияқты халықаралық таңбаламамен белгіленген: Орам материалдарын жергілікті қалдық жинау мекемесі орнатқан тиісті қоқыс жәшіктеріне тастаңыз.



Назарыңызда болсын!

Құрылғыны тастар алдында, бұдан кейін қауіп-қатер көзіне айналмас үшін іске қосуға жарамсыз ету керек.

Бұл үшін алдымен ашаны розеткадан суырып, құрылғының қорек сымын ағытып алыңыз.

ДЛЯ ОПТИМАЛЬНЫХ РЕЗУЛЬТАТОВ

Благодарим Вас за выбор данного продукта AEG. Этот продукт будет безупречно служить Вам долгие годы – ведь мы создали его с помощью инновационных технологий, которые облегчат Вашу жизнь и создадут качества, которые Вы не найдете в привычных приборах. Потратьте немного времени на чтение, чтобы получить максимальную пользу от своей покупки.

АКСЕССУАРЫ И РАСХОДНЫЕ МАТЕРИАЛЫ

В интернет-магазине AEG Вы сможете найти все необходимое для того, чтобы все ваши приборы AEG сверкали чистотой и радовали Вас безотказной работой. Помимо этого, здесь Вы найдете широкий выбор аксессуаров, разработанных и изготовленных по самым высоким стандартам, какие только можно представить – от профессиональной кухонной посуды до лотков для хранения ножей, от держателей бутылок до мешков для деликатного белья...



Посетите Интернет-магазин по адресу
www.aeg.com/shop

СОДЕРЖАНИЕ

36	Сведения по технике безопасности
40	Описание изделия
42	Перед первым использованием
43	Варочная панель - ежедневное использование
43	Варочная панель - полезные советы
45	Варочная панель - уход и чистка
46	Духовой шкаф - ежедневное использование
47	Духовой шкаф - функции часов
48	Использование дополнительных принадлежностей
48	Духовой шкаф - полезные советы
60	Духовой шкаф - уход и чистка
64	Что делать, если ...
65	Установка
66	Охрана окружающей среды

В данном руководстве по эксплуатации используются следующие символы:



Важная информация по обеспечению личной безопасности и предотвращению повреждений прибора.



Общая информация и рекомендации



Информация по защите окружающей среды

Право на изменения сохраняется



СВЕДЕНИЯ ПО ТЕХНИКЕ БЕЗОПАСНОСТИ

Перед установкой и использованием внимательно прочитайте настоящее руководство, которое содержит следующие сведения:

- Обеспечение безопасности людей и имущества
- Защита окружающей среды
- Правильный порядок эксплуатации прибора.

Всегда храните настоящую инструкцию вместе с прибором, даже если перевозите его на новое место или продаете.

Изготовитель не несет ответственность за повреждение имущества в результате неправильной установки или эксплуатации прибора.

Безопасность детей и лиц с ограниченными возможностями

- Данный прибор может эксплуатироваться детьми старше 8 лет и лицами с ограниченными физическими, сенсорными или умственными способностями и с недостаточным опытом или знаниями только после получения соответствующих инструкций, позволяющих им безопасно эксплуатировать электроприбор и дающих им представление об опасности, сопряженной с его эксплуатацией. Дети не должны играть с прибором.
- Храните все упаковочные материалы вне досягаемости детей. Существует опасность удушья или получения травм.
- Не подпускайте детей и животных к прибору, когда открыта его дверца или когда он работает. Существует опасность получения травм или потери трудоспособности.
- Если прибор оснащен функцией защиты от детей или блокировки кнопок, то следует ее использовать. Это предотвратит случайное включение прибора детьми или животными.

Общие правила техники безопасности

- Не изменяйте технические характеристики данного прибора. Существует опасность получения травм и повреждения прибора.
- Не оставляйте прибор без присмотра во время его работы.
- Выключайте прибор после каждого использования.

Установка

- Параметры настройки данного прибора приведены на наклейке или табличке с техническими данными.
- Установку и подключение должен выполнять только уполномоченным специалистом. Обратитесь в авторизованный сервисный центр. Это необходимо, чтобы предотвратить опасность повреждения конструкции прибора или получения травм.
- Убедитесь, что прибор не был поврежден при транспортировке. Не подключайте поврежденный прибор. При необходимости обратитесь к поставщику.
